

**“Қазақстанның Даму Банкі” АҚ тағылымдамасы бойынша қайырымдылық жобасына”
қойылатын талаптар**

1. Терминдер мен анықтамалар

Банк	“Қазақстанның Даму Банкі” АҚ тағылымдамасы бойынша қайырымдылық жобасының меценаты ретінде әрекет етуші «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ.
Жоба Әкімшісі/ Бірлестік	Дарынды жастарға, түрлі оқу орындарының үлгерімі жоғары, алайда қаржылық қиындықтарды бастан кешіп жатқан студенттеріне қолдау көрсету миссиясын атқаратын «Taiburyl» ҚБ.
Талаптар	“Қазақстанның Даму Банкі” АҚ тағылымдамасы бойынша қайырымдылық жобасының қатысушыларына қойылатын талаптар.
Қайырымдылық жобасы	орта оқу орындарының (бұдан әрі - ОО) немесе жоғарғы оқу орындарының (ЖОО) техникалық мамандықтарының студенттері мен 2015-2018 жж. түлектеріне 2018-2019 жж. оқу жылының кезеңіне “Қазақстанның Даму Банкі” АҚ қайырымдылық көмегін төлеуді ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралар кешені .
Үміткер	ҚР ОО-ның 3 немесе 4-ші курс, ЖОО-ның бакалавриат\магистратура\докторантураның техникалық мамандықтарының студенттері. Қазақстан Республикасының ЖОО немесе ОО-ның техникалық мамандықтарының 2015-2018 жж. түлегі.
Тағылымгер	6 ай бойы тағылымдамадан өту үшін қайырымдылық көмек алуға байқау жеңіпазы.
Қайырымдылық көмек	Банк берген және жоба Әкімгері тағылымгердің есеп-шотына аударатын ай сайынғы ақшалай төлем.
Өтінім	осы Талаптардың формасы мен шарттарына сай Өтінімдердің арнайы модулінде тағылымгер толтыратын, растайтын құжаттар қоса жіберілетін сауалнама.
Комиссия	жоба Әкімгерінің қызметкері немесе құрылтайшысы болып табылмайтын және осы Талапқа сай алушыларды қарастыруға және бекітуге құзыреті жоқ 5 адамнан кем емес тәуелсіз тұлғалар. Комиссия құрамы міндетті түрде Банкпен келісілуі тиіс. Осы талаптың орындалмауы Байқау нәтижелерінің күшін жоюға әкеледі.
Байқау	комиссияның өтінімдерді қарау және үміткерлерді таңдау бойынша жүзеге асыратын үрдісі.
Қайырымдылық көмек бойынша менеджер	жоба Әкімгерінің үміткерлердің Байқауға қатысу туралы Өтінімдерін қабылдайтын штаттағы қызметкері немесе ерікті.
Кадрлық саясат жөніндегі комитет	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ кадрлық саясаты жөніндегі комитеті.
Қарыз алушы компания	Банкпен несиелік құралды беру туралы Келісімге қол қойған және өзіне Несиелік құралды қайтару, есептелген сыйақыны төлеу және несиелік құралды беру туралы Келісімге сай өзге де төлемдерді өтеу жауапкершілігін алған заңды тұлға (резидент немесе резидент емес).

2. Жалпы ережелер

2.1. Банк талаптары “Қазақстанның Даму Банкі” АҚ тағылымдамасы бойынша қайырымдылық жобасы аясында жоба Әкімгері беретін тағылымдама бойынша қайырымдылық көмекті төлеу тәртібін реттейді.

2.2. Қайырымдылық жобасының мақсаты – жас түлектер мен студенттерге қолдау көрсету, олардың Банктің қарыз алушы компанияларында кәсіптік бағдар жолымен алғашқы еңбек тәжірибесін алуына жағдай жасау.

2.3. Тағылымдамадан өтуге қайырымдылық көмек көрсету – техникалық ғылымдар саласында білім алып жатқан/білім алған қазақстандық студенттер мен түлектердің оқу, еңбек ету және практикалық жұмыстарын ынталандыруға бағытталған.

2.4. Байқау 2018-2019 оқу жылы өтіп жатыр, тағылымдамадан өту шарттары орындалмаса бөлінген қайырымдылық көмекке қатысты шешімді 2019 жылғы ақпан-наурыз айларында қайта қарау мүмкіндігі берілген.

3. Тағылымдамадан өту үшін қайырымдылық көмек алуға үміткерлерге қойылатын талаптар

3.1. Тағылымдамадан өту үшін қайырымдылық көмек алуға үміткерлер төмендегі талаптарға сай болуы тиіс:

Қазақстан Республикасының азаматы болуы;

сотталмаған;

бейіндік ЖОО-ның бакалавриаттың 3,4-курстарында оқитын, немесе магистратурасының, докторантурасының студенттері, және ҚР ЖОО немесе ООО-ның 2015-2018 жж. техникалық мамандықтарының түлектері болуы;

басқа көздерден тағылымдамадан өтуге қайырымдылық көмек алмауы;

3.2 пунктте көрсетілген үлгерім өлшемдеріне сай болуы;

3.3 пунктте көрсетілген үлестес өлшемдеріне сай болуы тиіс.

3.2. Үлгерім өлшемдері:

ЖОО-да өткен оқу семестрлеріндегі үлгерімі GPA-дің мүмкін боларлық 4 балынан 3.7 балл құрауы тиіс;

3.3. Бірлестік, Банк қызметкерлерімен үлестес болу бойынша шектеу:

үміткер Бірлестік Басқармасы Төрағасының, Банк Басқармасының мүшелері мен кадрлық Саясат жөніндегі комитетінің жақын туысы болмауы тиіс;

Бірлестіктің, Банк Басқармасы мен Саясат жөніндегі комитетінің өзге қызметкерлерімен туыстық байланыстарда болу үміткерге қайырымдылық көмектің көрсетілу мүмкіндігін азайтады, мұндай мәліметтер көрсетілген жағдайда, ол қайырымдылық көмек беру туралы келісімді бұзуға негіз болады, осы ретте бекітілген келісімге сай аударылған қаражаттың бәрі қайтарылуы тиіс. «Жақын туыс» анықтамасына кіретіндер: ата-ана (екеуінің біреуі болуы мүмкін), балалары, асырап алушылар (ұл немесе қыз асырап алушылар), асырап алған ұл (асырап алған қыз), бір ата-анадан туған, екі бөлек ата-анадан туған аға-іні-қарындас-апа-сіңлілер, ата, әже, немерелер.

3.4. Үміткер өзге ұйымның тағылымдамадан өту бойынша атаулы қайырымдылық көмегін алу үшін Байқауға қатысса, онда Байқау нәтижесі жарияланғаннан кейін тағылымгер Бірлестіктің тағылымдамадан өту бойынша қайырымдылық көмегін немесе өзге ұйымның атаулы қайырымдылық көмегін таңдауы тиіс. Өз шешімі жөнінде тағылымгер жазу немесе электронды түрде (Өтінімде көрсетілген өз электрондық мекен-жайынан жіберуі керек) хабарлауға тиіс. Бірлестіктің реквизиттері www.taiburyl.kz сайтында көрсетілген. Өзге электрондық хат жазысу қабылданбайды.

4. Байқауға қатысуға өтінімдерді рәсімдеу

4.1. Байқауды өткізу үшін Бірлестік Өтінімнің арнайы формасын ұсынады (Осы Талаптарға №1 қосымшаны қараңыз). Өтінімде студент келесі ақпаратты береді:

биография;
«Менің мамандығымның заманауи Қазақстанның болашағы үшін маңызы» тақырыбына эссе жазу;
жеке мәліметтер;
отбасы құрамы туралы мәлімет;
үлгерімі;
үміткердің кәсіби ынтасы;
ЖОО немесе ООО-да оқып жүрген кездегі республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстардан марапаттар мен жүлделі орындардың болуы;
конференцияларға, форумдарға қатысу;
үміткердің белсенді өмірлік ұстанымын, әлеуметтік жауапкершілігін, тікелей мамандықпен байланысы бар, практикалық қызметте кәсіби дағдылар мен білімді қолдана білуін көрсететін өз жобаларын жүргізуі.

4.2. Бірлестік өз есеп берулерінде, соның ішінде жұрт алдында үміткерге қатысты мына мәліметтерді пайдаланады:
аты-жөні;
туған күні;
Білім алу ЖОО/ООО, курсы, мамандығы және тобы.

4.3. Бірлестік тағылымгер туралы мәліметтерді үміткерлер арасындағы орташа көрсеткіштерді шығару және талдау қорытындыларын одан әрі жариялау үшін пайдаланады, алайда нақты есімдерді атамайды. Өтінімді беру мәліметтерді қолдануға келісім берілді дегенді білдіреді.

4.4. Өтінімге қажетті құжаттарды жинау шығыны төленбейді;

4.5. Тағылымдама өту кезінде тұруға, көлікке, жеке қажеттіліктерге кеткен шығындар төленбейді.

4.6. Құжаттар түпнұсқасынан бөлек толтырылған Өтінім мен қоса жіберілген құжаттар қайтарылмайды.

4.7. Өтінім:
талапқа сай келген жағдайда;
үміткерге қатысы бар барлық пункттер толтырылған кезде;
қайталама/кеш әкелу құқығынсыз тізімде (№2 қосымша) көрсетілген барлық қажетті құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері, сонымен бірге, жауапкершілік туралы өтініш болған кезде ғана қабылданады.

5. Байқауды өткізу процедурасы және форматы

5.1. Байқауды жариялау мерзімі Бірлестіктің Басқарма Төрағасының бұйрығымен бекітіледі. Үміткерлер Бірлестіктің сайтында онлайн режимде арнайы форманы (№1 қосымша) толтыра отырып, белгіленген мерзімде Өтінімді береді.

5.2. Жария етілгеннен кейін байқау екі кезеңмен өтеді:

1 кезең – белгіленген мерзімде өтінімдерді қабылдау және олардың мәртебесін растау;

2 кезең – 2018 жылғы қарашада 2019 жылғы сәуірге дейінгі кезеңде тағылымдамадан өту үшін қайырымдылық көмек алуға расталған өтінімдерді қарау (қабылдауға қарай мерзімдер қайта қаралуы мүмкін).

5.3. Жоба Әкімгері өтінімдерді жинау және:

талаптарға сай келмейтін;

растайтын құжаттардың толық тізімі жоқ;

дәйексіз мәліметтер келтірілген өтінімдерді шығарып тастауды жүзеге асырады.

5.4. Жоба Әкімгері жабық өтінімдердің дұрыстығы мен оларда келтірілген ақпараттың дәйектілігін растайды. Расталғаннан кейін Өтінім «Расталды» деген мәртебеге ие болады. Дұрыс толтырылмаған Өтінімдер мен дәйексіз ақпараты бар Өтінімдер Байқауға қатысуға жіберілмейді, олардың мәртебесі өзгеріссіз «Жабық» күйінде қалады.

5.5. Өтінімдерді қабылдау рәсімі аяқталғаннан кейін Комиссия осы Талаптардың 3 тарауында көрсетілген сәйкестіктерге сай болуын қарастырады.

5.6. Талаптардың 3.1., 3.2., 3.3. тармақшаларында көрсетілген талаптарға сай үміткерлердің саны қайырымдылық көмекке қатысушылардың санынан асып кетпесе, онда қайырымдылық көмек барлық үміткерлерге беріледі.

5.7. Стандартты талаптарға сай келетін (3.1., 3.2., и 3.3. тармақшалары) үміткерлердің саны тағылымдамадан өтуге жария етілген қайырымдылық көмектің санынан асып кетсе, онда Комиссия өтінімдердің қосымша талаптарға сай келуін (5.8 тармақша), сәйкестік балын қойып, үміткерлердің қалған саны тағылымдамадан өтуге жарияланған қайырымдылық көмектің санына тең болуы үшін балдар шегін белгілейді.

5.8. Комиссия бекітілген өлшемдерге сай, қосымша талаптарға сәйкестікті бес балдық жүйе бойынша бағалайды. Байқау сараптамасының негізгі өлшемдері:

үміткердің ЖОО, ООО-да оқу кезінде халықаралық және республикалық деңгейдегі жарыстардан марапаттар мен жүлделі орындардың болуын қоса алғанда ғылым, спорт пен мәдениет саласындағы белсенділік деңгейі (нәтижелер, болашағы, жеке қызығушылық деңгейі);

үміткердің кәсіби сапалары (сауаттылығы, кәсіби терминологияны меңгеру, шет тілдерін білу);

үміткердің белсенді өмір ұстанымын, әлеуметтік жауапкершілігін, тіл тапқыштығын, практикалық қызметте мамандағына қатыса бар кәсіби дағды мен білімді қолдана білуін көрсететін белсенді қоғамдық жұмысы мен өз жобаларын жүргізуі;

үміткердің мансаптық және жеке жоспарларының кәсіби қырлары мен шынайылығы.

5.9. Қажет болған жағдайда Комиссия мүшелері Өтінімдерге жазбаша түрде түсініктеме бере алады. Комиссия мүшелері енгізетін бағалаулар мен түсініктемелер жария етуге жабық және Байқауды өткізу мақсатында және оның екінші кезеңінде туындаған дауларды шешу үшін тек Бірлестік қызметкерлеріне қолжетімді жасырын ақпарат болып табылады.

5.10. Комиссия мүшелерінің құрамы жабық және жария етілмейді.

5.11. Комиссия мүшелерінің шешімі дауласуға жатпайды және ақырғы болып есептеледі.

5.12. Байқауға берілген Өтінімдерді Бірлестік те, Комиссия да редакцияламайды, рецензияламайды.

5.13. Байқау мақсаттарын жүзеге асыру үшін Бірлестік үшінші тараптардан қайырымдылық көмекке үміткерлер туралы қосымша мәліметтер мен құжаттарды сұрай алады.

6. Қайырымдылық көмек төлемдерін алу, мөлшері және тәртібі

6.1. Байқау Жеңіпаздарына тағылымдамадан өтуге қайырымдылық көмек төлеуді Бірлестік ұйымдастырады.

6.2. Тағылымдамадан өтуге қайырымдылық көмек мөлшерін Бірлестік Банкпен келісім бойынша ай сайын 50 000 (елу мың) теңге көлемінде тағайындайды.

6.3. Қайырымдылық көмек есеп беру айынан кейінгі айдың 10-на дейін кешіктірілмей төленіп, ұзартылмайды.

6.4. Қайырымдылық көмек тағылымгердің серіктес банк шығарған банктық карточкасына қолма-қол емес түрде төленеді. Қайырымдылық көмек бойынша менеджер қайырымдылық көмектің төлену үрдісін қадағалайды, сонымен бірге қайырымдылық көмекті алуға қатысты барлық даулы мәселелерді шешеді.

6.5. Тағылымгер қайырымдылық көмекті алып жүрген уақыт бойы осы Талаптарға сай болуы тиіс. Осы Талаптардың 3.1., 3.2. и 3.3. тармақшаларында көрсетілген параметрлер өзгерген жағдайда, қайырымдылық көмекті тұтынушы өзгерген күннен бастап бір ай ішінде бұл туралы Бірлестікке жазбаша түрде хабарлауы тиіс.

6.6. Студент тағылымгер оқу жылының бірінші семестрі аяқталғаннан кейін үлгерімі туралы мәлімет беруі тиіс. Үлгерім туралы мәлімет берілмесе, жаңартылған мәліметтер келгенге дейін қайырымдылық көмек беру тоқтатылады. Тағылымгер оқу жылы аяқталғаннан кейін үлгерімі туралы мәліметтер беруі тиіс. Оқу жылы біткеннен кейінгі үш ай ішінде үлгерімі туралы

мәліметтерді бермесе, стипендия алушы оқу жылының бірінші семестрінде қайырымдылық көмек бойынша төлемді қайтаруы тиіс.

6.7. Студент Бірлестіктің әлеуметтік желілер мен мессенджерлеріндегі топтарға алға дамуды қадағалау мен жоба бойынша өзекті ақпаратты алу үшін қосылуға міндетті.

7. Тағылымдамадан өту тәртібі

7.1. Тағылымдамадан өтудің бірінші күні тағылымдамаға қатысушылар үшін тағылымдамадан өту орындары анықталады. Тағылымдама бағдарламасы тағылымгердің тағылымдамадан өтуі кезінде алуы тиіс кәсіби және ұйымдастыру дағдыларын дамыту, тағылымгердің өзіндік теориялық дайындығы, кәсіби және ұйымдастыру дағдыларын игеруі, тағылымдамадан өту кезінде міндеттерін орындау шеңберінде қажетті нормативтік-құқықтық актілерді үйренуін қамтуы тиіс.

7.2. Тағылымдама жетекшісі атқаратын істері: тағылымгерді бөлімшенің қызметтері мен міндеттерімен таныстыру, тағылымдамадан өтуге қажетті жағдайлар ұйымдастыру, тағылымдамаға жасырын ақпаратқа жатпайтын қажетті ақпаратты ұсыну.

7.3. Тағылымдамадан өту кезінде тағылымгердің міндеттері: Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау, еңбек тәртібін, рұқсатнамалық тәртіпті; компанияда алдын ала орнатқан еңбек қауіпсіздігі ережелері мен өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау, тағылымдама өтетін жерге келу, мүмкін болмаған жағдайда бұл туралы тағылымдама жетекшісін ескерту.

7.4. Тағылымдамадан өту кезінде тағылымгер жалпыға ортақ әдеп ережелерін және мінез-құлық ережелерін ұстануға, сонымен бірге қызметтік тәртіптің талаптарына бағынуға кеңес беріледі.

7.5. Осы Талаптарда бекітілген тағылымдамадан өту тәртібін орындамау немесе тиісінше орындамау тағылымдаманы мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз бола алады.

8. Қайырымдылық көмек төлемін тоқтатуға негіздер

8.1. Қайырымдылық көмек төлемі мына жағдайларда тоқтатылады:
оқу қызметін қадағалау кезінде тағылымгердің осы Талаптарға сай келмеуінің анықталуы;
тағылымгерге академиялық демалыстың берілуі;
ЖОО, ООО-дан шығарылуы;
компанияның еңбек тәртібін сақтамауы.

8.2. Қайырымдылық көмек төлемін беруді жоба Әкімгері тағылымгердің осы Талаптарға сай келмейтінін дәлелдейтін құжаттар негізінде тоқтатады.

Үміткердің «ТАIBURYL» ҚБ байқауына қатысуға өтінімі

Өтінімді толтыру ережелері:

1. Өтінім электронды түрде www.taiburyl.kz сайтында арнайы модуль арқылы толтырылады.
2. XII бөлімнің мәтіні өмірдің басты оқиғалары – дүниеге келу, мектепте оқу, ЖОО немесе ООО-ға түсу, жұмыс тәжірибесінің болуын көрсетуі тиіс.
3. XIII бөлімнің мәтіні мына сұрақтарға жауап беруі тиіс:
Сіз неліктен осы байқауға қатысу туралы шешім қабылдадыңыз?
қызықтыратын мамандық туралы қажетті ақпарат қандай дереккөзден алынған?
Сіздің ЖОО немесе ООО-да, спорттық, ғылыми, еңбек және қоғамдық қызметтегі жеке жетістіктеріңіз?
не себепті осы мамандық таңдалған, не ықпал етті (беделі, мамандыққа деген қызығушылық, қабілеттер, көп ақша табу мүмкіндігі, отбасылық дәстүр)?
өз ісінің маманы болуы үшін қандай қасиеттерге ие болу керек?
мемлекетіміздің дамуына қандай үлес қосқыңыз келеді?
4. Барлық бөлімдер таза, түзетулерсіз, орфографиялық және грамматикалық қатесіз толтырылуы тиіс.
5. Үміткердің қолы қажет жерге, тек қол қойылуы тиіс. Үміткердің қолы мен аты-жөні қажет жерге үміткердің қолы мен аты-жөні жазбаша түрде жазылуы тиіс.
6. Толтырылғаннан кейін өтінім PDF-файлда құрастырылады. Файлды басып шығарып, әрбір бетке қол қою қажет. Өтінімге фотография және барлық қажетті құжаттар, оның ішінде онлайн режимде жіберілген сканерленген нұсқалары да қоса жіберілуі тиіс. Өтінім мен қажетті құжаттар рет-ретімен қоса жіберіліп, степлермен қыстырылып, бір файлға салынуы тиіс.
7. Ғылым, спорт және мәдениет (олимпиадалар, турнирлер және т.б.) саласындағы іс-шараларға қатысуды және марапаттар алуды растайтын құжаттар мен мәліметтер тек ЖОО немесе ООО-да оқу кезіне қатысы болуы тиіс..
8. Басып шығарылған өтінім барлық құжаттармен бірге «Taiburyl» ҚБ кеңсесіне тек үміткер байқаудың жеңіпазы атанған кезде жіберіледі. Үміткер жеңбеген жағдайда, басып шығарылған өтінімді жіберу қажет емес.
9. Осы Ережелер Өтінімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

Үміткердің қолы _____

Міндетті түрде тапсырылуы тиіс растайын құжаттардың тізімі:		
1	Жеке бас куәлігінің нотариалды түрде бекітілген көшірмесі	
2	Үлгерімі туралы мәліметтерді қоса алғанда оқу орнынан анықтама әкелу (транскрипт) (деканат)	
3	Еңбек кітапшасының көшірмесі (еңбек тәжірибесі болған жағдайда)	
4	Дипломның транскриптпен бірге нотариалды түрде бекітілген көшірмесі (магистрлер үшін)	
5	Сотталмағаны жөнінде анықтама (ХҚО)	
6	Үміткердің еңбекақысы туралы жұмыс орнынан әкелген анықтамасы, сонымен бірге жұмысқа орналасқан жағдайда соңғы жылдағы зейнетақы аударымдары туралы анықтама	
7	Неке куәлігінің көшірмесі (бар болған жағдайда)	
8	Балалардың туу туралы куәлігі (бар болған жағдайда))	
9	Ғылым мен спорт саласында республикалық/халықаралық турнирлерде жүлделі орындар алғанын растайтын куәлік/дипломадардың нотариалды түрде бекітілген көшірмелері.	
10	Студенттердің немесе мұғалімдердің студент туралы мінездемелерінің рецензиялары немесе пікірлері	

Жауапкершілік туралы өтініш

Мен _____

(үміткердің аты-жөні жазбаша)

«Taiburyl» ҚБ-нің ай сайынғы қайырымдылық көмегін алуға үміткер, осы Өтінімде көрсеткен барлық мәлімет толық және дәйекті екенін растаймын. Мен жалған немесе толық емес мәліметтерді беру байқаудан шығып қалуға, сонымен бірге, Ай сайынғы қайырымдылық көмек тағайындалған жағдайда одан қол үзуге әкелетінін білемін. “Қазақстанның Даму Банкі” АҚ тағылымдамасы бойынша қайырымдылық жобасының Талаптарымен таныстым.

Мен өзім туралы жеке мәліметтерді, фото және бейнесуреттерімді (аты-жөнім, оқу орным, оқу нәтижелері, жеке фотосуреттер, биографиядан мәліметтерді, отбасы тарихын) Банк бастамасымен, сондай-ақ Бірлестік бастамасымен БАҚ пен әлеуметтік желілердегі PR-науқандарда немесе Қайырымдылық жобасын өткізу кезеңінде тараптардың екеуінің бастамасымен пайдалануға рұқсат беремін.

Мен тестілеу мен сұхбаттасу нәтижелерін серіктестерге, сарапшыларға және өзге де мүдделі тараптарға, сонымен бірге байқау іріктеуі нәтижелерін ресми сайтқа жариялау жолымен беруге қарсылық білдірмеймін.

Мен байқау іріктеуінің барлық кезеңдеріне баруға жеке өзім жауаптымын және байқаудың барлық кезеңдерін ата-ананың/қамқоршының немесе өзге делдалдардың қатысуынсыз өз бетімше өтуге міндеттенемін. Байқаудан өту кезінде байқау кезеңдерін ұйымдастыру мен өткізуге жауапты Ұйым қызметкерлерімен сыпайы болуға міндеттенемін.

Өтінімнің I-IV тарауларында көрсетілгендей жеке мәліметтер өзгерген жағдайда өзгеріс болған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде немесе Өтінімде көрсетілген өз электрондық мекен-жайымнан Бірлестіктің www.taiburyl.kz, сайтында көрсетілген электронды поштасына хат жазу арқылы жаңа мәліметтерді беруге міндеттенемін.

Мен Өтіңімінің IV тарауында көрсетілгендей электрондық поштамды жүйелі түрде тексеруге және сұралған ақпаратқа уақтылы жауап беруге міндеттенемін.

Курсив қарпімен белгіленген мәтінді төменге өз қолыңызбен жазуыңызды өтінеміз:

Осы қосымшаны өз қолыммен толтырдым, парақтың әрбір беті парафирленген. Жоғарыда аталған шарттар және талаптармен таныстым және келісемін (өз қолымды қою арқылы растаймын).

Үміткердің қолы _____ Күні _____